

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Профессор-оқытушы құрамы мен білім алушылардың академиялық ұтқырлық туралы ережесі		УЕ-04-01-01
Бекітілген 01.09.2023 ж.	Басылым №1	27 беттің 1-сі


«БЕКІТЕМІН»
 Басқарма Төрағасы – Ректор
А. Сакенов
 «01» _____ 2023 ж.

УЕ-04-01-01
ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫ ҚҰРАМЫ МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ
АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІ

Түркістан, 2023

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Профессор-оқытушы құрамы мен білім алушылардың академиялық ұтқырлық туралы ережесі		УЕ-04-01-01
Бекітілген 01.09.2023 ж.	Басылым №1	27 беттің 2-сі

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

ӘЗІРЛЕНДІ:


Халықаралық ынтымақтастық бөлімінің басшысы



Д. Тоғызбаев
«01» 09 2023 ж.

КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-ректор




К. Адилова
«01» 09 2023 ж.

Әлеуметтік даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі вице-ректор



Ж. Акимов
«01» 09 2023 ж.

Сапамен қамтамасыз ету бөлімінің басшысы



А. Ермухамедова
«01» 09 2023 ж.

Әкімшілік бөлім басышысы



Қ. Тубеков
«01» 09 2023 ж.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Профессор-оқытушы құрамы мен білім алушылардың академиялық ұтқырлық туралы ережесі		УЕ-04-01-01
Бекітілген 01.09.2023 ж.	Басылым №1	27 беттің 3-сі

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1.1 Осы «Профессор-оқытушы құрамы мен білім алушылардың академиялық ұтқырлығы туралы ереже» (бұдан әрі – Ереже) «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ (бұдан әрі – Университет) профессор-оқытушы құрамы (бұдан әрі – ПОҚ) мен білім алушылардың академиялық ұтқырлықтан өту тәртібін айқындайды.

1.2 Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім Министрлігінің нормативтік құжаттарына, Университет Жарғысына қайшы келмесе, Университеттің білім алушылары мен ПОҚ осы Ережеге сәйкес академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысуға құқылы.

2. ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН НЕГІЗГІ ТҮСІНІКТЕР

ХЫБ	– Халықаралық ынтымақтастық бөлімі
ҚБТ	– Қашықтықтан білім беру технологиялары
ҚББТ	– Қосымша білім беру түрлері
ЭБЖБ	– Экономика және бюджетті жоспарлау бөлімі
ЖОЖ	– Жеке оқу жоспары
ОКТ	– Оқытудың кредиттік технологиясы
ЭПК	– Элективті пәндер каталогы
ҚР ҒЖБМ	– Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
МББ	– Модульді-білім беру бағдарламалары
ББ	– Білім беру бағдарламасы
АДБ	– Академиялық даму бөлімі
ТК	– Тіркеу кеңсесі
ПОҚ	– Профессор-оқытушы құрамы
ОЖБ	– Оқу жұмыс бағдарламасы
ECTS	– European Credit Transfer and Accumulation System / Еуропалық аударма және ұпай жинау жүйесі
GPA	– Үлгерімнің орташа балы

3. НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР МЕН ҚҰЖАТТАР

Осы ереже мынадай сыртқы нормативтік құжаттар негізінде әзірленді:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы;
- «Шетелде, оның ішінде академиялық ұтқырлық шеңберінде оқуға жіберу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 19 қарашадағы №613 бұйрығы (25.02.2021 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен);
- «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы (06.05.2021 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен);
- Білім беру ұйымдары жүзеге асыратын халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастыру қағидалары (ҚР Білім және ғылым министрінің м. а. 2007 жылғы 27 желтоқсандағы № 661 бұйрығы);
- Шетелде, оның ішінде академиялық ұтқырлық шеңберінде оқуға жіберу ережесі (ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы №549 бұйрығы.

4. ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР

Академиялық күнтізбе – оқу жылы бойына демалыс күндерін (каникулдар мен мерекелерді) көрсете отырып, оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіби практикаларды өткізу

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Профессор-оқытушы құрамы мен білім алушылардың академиялық ұтқырлық туралы ережесі		УЕ-04-01-01
Бекітілген 01.09.2023 ж.	Басылым №1	27 беттің 4-сі

күнтізбесі.

Академиялық ұтқырлық – білім алушыларды өзі оқитын ЖОО-да оқуын жалғастыру шеңберінде – академиялық кредиттерді жинақтау мақсатында шетелге белгілі бір шектеулі оқу немесе тағылымдама кезеңіне орын ауыстыру (ұтқырлық фазасынан соң білім алушылар оқуын аяқтау үшін өзі оқитын білім беру ұйымына оралады);

Серіктес ЖОО (Partner-University) – білім және ғылым саласындағы бірлескен қызмет туралы келісім (келісім, меморандум) жасасқан Университет немесе ғылыми ұйым.

Европейская система трансферта (перевода) и накопленных кредитов (European Credit Transfer and Accumulation System) – білім алушының шетелде алған кредиттерін өзі оқитын білім беру ұйымына оралғанда дәреже алу, сондай-ақ білім беру бағдарламасы шеңберінде кредиттер жинау үшін есептелетін кредиттерге аудару тәсілі.

Жеке оқу жоспары – білім беру бағдарламасы мен элективті пәндер каталогы және (немесе) модульдер негізінде эдвайзердің көмегімен білім алушы әр оқу жылына дербес қалыптастыратын оқу жоспары.

Оқытудың кредиттік технологиясы – білім алушылардың пәндерді және (немесе) модульдерді зерделеу дәйектілігін академиялық кредиттер жинақтай отырып, таңдауы және дербес жоспарлауы негізінде оқыту.

Қашықтықтан білім беру технологиялары (Қашықтықтан оқыту) – негізінен қашықтан оқытуда ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалана отырып немесе білім алушы пен ПОҚ ішінара делдалдық өзара әрекеттесуінде жүзеге асырылатын білім беру технологиялары.

Академиялық ұтқырлық үйлестірушісі (Academic Mobili Coordinator) – функционалдық міндеттеріне сәйкес шетелдік әріптес жоғары оқу орындарымен академиялық ұтқырлық бағдарламасын жалпы үйлестіруді жүзеге асыратын тұлға (б-т.қараңыз).

Ынтымақтастық туралы меморандум – Университет пен серіктес ЖОО арасындағы жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, ғылым және инновациялар саласында, сондай-ақ ПОҚ арасында тәжірибе алмасу саласында халықаралық ынтымақтастықты дамыту мақсатында белгілі бір мерзімге жасалатын екіжақты келісім.

Оқуға келісім (Learning Agreement) – білім алушы серіктес ЖОО - да игеруді жоспарлап отырған ECTS кредиттерімен көрсетілген ББ құрамдас бөліктерін қамтитын келісім.

Транскрипт (Transcript) – кредиттер мен бағаларды көрсететін тиісті оқу кезеңі ішіндегі игерілген пәндер тізбесі мен оқу жұмысының басқа түрлерінен құралған құжат;

Академиялық ұтқырлық бағдарламасының (Academic Mobility Participant) қатысушысы – академиялық ұтқырлық аясында оқудан, оқытудан, практикадан, тағылымдамадан өтуші.

Үлгерімнің орташа балы (Grade point Average – GPA) – таңдап алған бағдарлама бойынша белгілі бір оқу кезеңі ішінде білім алушының қол жеткізген білім деңгейінің орташа өлшемді бағасы (осы оқу кезеңі ішіндегі кредиттердің жалпы санына пәндер бойынша аралық аттестаттау бағалары балдарының сандық эквивалентіндегі кредиттердің жалпы сомасының қатынасы).

5. АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚТЫҢ МАҚСАТТАРЫ

5.1 ПОҚ және білім алушылардың академиялық ұтқырлығының мақсаты:

- ПОҚ және білім алушылардың біліктілік деңгейі мен білім сапасын көтеру;
- Білім беру процесіндегі технологиялармен, инновациялармен, білімдерімен алмасы, ғылыми зерттеулер, жобалар жүргізу;
- Ғылым мен білім беруді интернационаландыру;

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Профессор-оқытушы құрамы мен білім алушылардың академиялық ұтқырлық туралы ережесі		УЕ-04-01-01
Бекітілген 01.09.2023 ж.	Басылым №1	27 беттің 5-сі

- халықаралық ғылыми-білім беру кеңістігінде жоғары оқу орнының танымалдығын арттыру;
- Болон үдерісінің принциптерін іске асыру.

6. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒЫС АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҒЫН ІСКЕ АСЫРУДЫҢ ЖАЛПЫ ҚАҒИДАТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

6.1 Құжаттарды тапсыру кезінде бірінші (бакалавриат үшін) немесе соңғы семестрде (басқа деңгейлер үшін) оқытындарды қоспағанда, егер білім саласындағы уәкілетті органның шешімімен басқаша жағдай көзделмесе, академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысуға кез келген білім алушы үміткер (бакалавр, магистратура) бола алады. Үміткерлер Академиялық ұтқырлық бағдарламасына өздерінің немесе сәйкес мамандықтары бойынша өтініш бере алады.

6.2 Академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде оқуға жіберу халықаралық шарттар (Халықаралық бағдарламалар, ынтымақтастық туралы меморандумдар мен шарттар, айырбастау және стипендиялық бағдарламалар) негізінде жүзеге асырылады. Мектептердің ұсынысына сәйкес келісім болмаған жағдайда, Халықаралық ынтымақтастық бөлімі (бұдан әрі – ХЫБ) Университет пен академиялық ұтқырлық бағдарламасы іске асырылатын серіктес ЖОО арасында ынтымақтастық туралы Меморандум (келісім) жасасады.

6.3 Академиялық ұтқырлық бағдарламалары туралы ақпарат Университеттің ресми сайтында www.iuth.edu.kz, Университеттің Instagram-дағы ресми парақшасында, Platonus ААЖ-да Platonus ААЖ-да және білім алушылардың назарына мектеп әдіскерлері, Халықаралық ынтымақтастық бөлім өкілдері жеткізеді.

6.4 Академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысуға үміткер белгіленген мерзімде қажетті құжаттар пакетін ХЫБ-не (1-қосымша) ұсынады.

6.5 Академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысуға үміткер бітіруші мектептің жауапты тұлғасының көмегімен серіктес ЖОО-ны таңдайды, оқу үшін пәндер тізбесін айқындайды. Оқу жоспарын серіктес ЖОО-мен келісу үшін бітіруші мектеп жауапты болады.

6.6 Бітіруші мектеп ХЫБ-нің академиялық ұтқырлық жөніндегі үйлестірушісімен бірлесіп, қажет болған жағдайда серіктес ЖОО-ның белгіленген үлгісі бойынша/Learning Agreement оқуға келісім жасасуды қамтамасыз етеді (ол болмаған кезде пәндердің атаулары, ECTS кредиттері, оқыту семестрі және/немесе ұтқырлық ұзақтығы көрсетілетін (2-3-қосымшаларға) сәйкес үлгі пайдаланылады. Оқыту/Learning Agreement келісіміне енгізілген барлық өзгерістерді тараптар (білім алушы, бітіруші мектеп, қабылдаушы Тарап) қажеттілік бойынша ХЫБ бас маманының консультациялық қолдауымен келіседі.

6.7 Білім алушыны ЖОО-на оқуға қабылдау туралы шешімді қабылдаушы Тарап қабылдайды, оны растау ресми шақыру болып табылады. Серіктес ЖОО-нан шақыру алғаннан кейін бітіруші мектеп белгіленген нысан бойынша алдын ала салыстыру ведомосімен ұсыныс дайындайды (4-қосымша). Ұсыныс негізінде академиялық ұтқырлыққа қатысушы Университеттің Басқарма Төрағасы – Ректорының (бұдан әрі – Ректор) атына академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша қабылдаушы ЖОО-на кетер алдында бір аптадан кешіктірмей серіктес ЖОО-на (5, 6-қосымша) жіберу үшін жеке өзі өтініш береді, содан кейін тіркеу кеңсесі (бұдан әрі – ТК) «Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқуға жіберу» туралы бұйрықтың жобасын дайындайды. Өтінішті уақтылы бермеу үміткерге академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысудан бас тартуға негіз болып табылады.

6.8 ХЫБ-нің академиялық ұтқырлық жөніндегі үйлестіруші академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша серіктес ЖОО-на жіберу үшін үміткерлерді рәсімдеу және өтініш беру процесіне жәрдемдеседі.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Профессор-оқытушы құрамы мен білім алушылардың академиялық ұтқырлық туралы ережесі		УЕ-04-01-01
Бекітілген 01.09.2023 ж.	Басылым №1	27 беттің 6-сі

6.9 Ректордың «Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқуға жіберу туралы» бұйрығы шыққаннан кейін ғана академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысушы дербес және/немесе ХЫБ бас маманының консультациялық қолдауымен академиялық ұтқырлықтан өткен елдің уәкілетті өкілдігінде виза (қажет болған жағдайда) рәсімдейді, әуе немесе теміржол билетін брондайды (сатып алады), шет елде болатын кезеңге медициналық сақтандыруды рәсімдейді.

6.10 Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқу үшін ақы төлеу қажет болған жағдайда, төлем 1 семестрге арналған Университетте мемлекеттік грант/ оқу құнының 60%-на дейін немесе қатысушының есебінен жүргізіледі. Серіктес ЖОО-да академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқуға ақша аудару процесіне жетекшілік ететін вице-ректорлармен, ХЫБ-мен, Экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімімен (бұдан әрі – ЭБЖМ) және Әкімшілік бөлімімен келісім бойынша үшжақты шарт негізінде, академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқу ақысын төлеуге мектептің ұсынысы (7-қосымша) негізінде жүзеге асырылады.

6.11 Егер академиялық ұтқырлыққа қатысушы Университетте ақылы негізде оқитын болса, серіктес ЖОО-да академиялық ұтқырлықтан өту кезеңінде Университеттің ақылы білім беру қызметтерін көрсету шартында көзделген төлем шарттары сақталады.

6.12 Академиялық ұтқырлық бағдарламасынан өту мерзімдері серіктес ЖОО-ның Академиялық күнтізбесіне сәйкес жеке белгіленеді.

6.13 Қабылдаушы ЖОО-на келгеннен кейін академиялық ұтқырлық бағдарламасының қатысушысы мектеп директоры мен ХЫБ бас маманына келгені және тіркелгені туралы хабарлауға тиіс.

6.14 Серіктес ЖОО-да Академиялық ұтқырлық бағдарламасын аяқтағаннан кейін қатысушы бір апта ішінде ХЫБ және мектепке оралғаны туралы хабардар етуге және Университетте оқуды қайта бастау туралы өтініш беруге міндетті (8-қосымша). Оралғаннан кейін қатысушы мыналарды ұсынуы керек:

- қорытынды есеп (ХЫБ бас маманына ұсынылады);
- қаржы есебі (ЭБЖБ-не (республикалық бюджет қаражаты есебінен оқуға жіберілген жағдайда) келген күнінен бастап 3 тәулік ішінде ұсынылады);
- іссапар куәлігі (ЭБЖБ-не ұсынылады (республикалық бюджет қаражаты есебінен оқуға жіберілген жағдайда));
- транскрипт немесе серіктес ЖОО-да оқу нәтижелерін қамтитын ресми құжат (ХЫБ бас маманы, мектеп әдіскері және ТК-де оқу нәтижелерін тану және қажет болған жағдайда стипендия тағайындау үшін).

6.15 Серіктес ЖОО-да зерделенген модульдерді/пәндерді тану бітіруші мектептің, ХЫБ және АДБ-нің келісімі бойынша хаттамалық шешімімен жүзеге асырылады.

7. ҚР ҒЖБМ ҚАРАЖАТЫ ЕСЕБІНЕН ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛАТЫН ШЫҒЫС АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ

7.1 ҚР ҒЖБМ академиялық ұтқырлық шеңберінде шетелге оқуға жіберілетін білім алушылардың іссапар шығыстарына қаржы (белгіленген нормалар шегінде) бөледі.

7.2 Құжаттарды қабылдау және үміткерлерді іріктеу бойынша конкурс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің бұйрығымен бекітілген Шетелде, оның ішінде Академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында оқуға жіберу қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

7.3 Конкурс нәтижелері жарияланғаннан кейін ХЫБ бас маманы білім алушылардың құжаттарын серіктес ЖОО-на жолдау бойынша жұмысты ұйымдастырады. Серіктес ЖОО-нан шақыру хатын алғаннан кейін ХЫБ бас маманы үміткерлерді Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша серіктес ЖОО-на жіберу үшін өтінішті рәсімдеу және өтінішті беру процесіне

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Профессор-оқытушы құрамы мен білім алушылардың академиялық ұтқырлық туралы ережесі		УЕ-04-01-01
Бекітілген 01.09.2023 ж.	Басылым №1	27 беттің 7-сі

жәрдемдеседі.

7.4 Білім алушылардың Академиялық ұтқырлық шеңберінде оқуға шығуы туралы бұйрық негізінде ЭБЖБ ҚР ҒЖБМ нормативтеріне сәйкес шығыстардың жеке жоспарлы есебін әзірлейді және академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысушының банктік карт-шотына ақпалай қаражаттың аванстық төлемін жүргізеді.

8. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРМЕН ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛАТЫН ШЫҒЫС АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ (ОРХУН, DAAD, ЖӘНЕ Т. Б.)

8.1 Жоғарыда аталған бағдарламаларға қатысуға үміткерлерге қойылатын талаптар осы бағдарламалардың қағидаларымен белгіленеді.

8.2 Халықаралық бағдарламаларға қатысуды қаржыландыру Академиялық ұтқырлықтың әрбір жеке бағдарламасын қаржыландыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

9. БАҒДАРЛАМАҒА ҚАТЫСУШЫНЫҢ ӨЗІ ҚАРЖЫЛАНДЫРАТЫН ШЫҒЫС АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ (ӨЗІН-ӨЗІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ)

9.1 Академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысуға үміткер оқуға, тұруға, көлік шығындарына, визаны рәсімдеуге, медициналық сақтандыруға және т.б. шығындарды қоса алғанда, барлық шығындарды өзі жабады.

9.2 GPA көрсеткіші 2,67 және одан жоғары болуы керек. Шет тілін білу деңгейі (қажет болған жағдайда) мынадай құжаттардың бірімен расталуы мүмкін:

- қабылдаушы ЖОО-да оқыту тілі болып табылатын тілді B2 және одан жоғары деңгейде білу туралы сертификат (IELTS, TOEFL, TOMER және т.б.);
- ағылшын тілінде оқытатын топтарда оқитындарға арналған транскрипт;
- шет тілі ретінде оқыту тілін растайтын дипломның көшірмесі (орта және орта білімнен кейінгі ұйымдарда оқуды қабылдаушы ЖОО-да оқыту тілі болып табылатын тілде аяқтаған тұлғалар үшін).

10. ШЕТЕЛДІК СЕРІКТЕС ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫМЕН ІСКЕ АСЫРЫЛАТЫН КІРІС АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ

10.1 Ынтымақтастық туралы келісімдері бар серіктес жоғары оқу орындарының білім алушылары мен магистранттары (оның ішінде білім алушылар мен ОПК алмасудың халықаралық академиялық бағдарламалары бойынша) академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқудан өтуге үміткер бола алады. Келісім болмаған жағдайда, мектептің ұсынымына сәйкес, қажет болған жағдайда ХЫБ Университет пен серіктес ЖОО арасында ынтымақтастық туралы Меморандум (келісім) жасасады.

10.2 Академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысуға үміткер қажетті құжаттар пакетін (1-Қосымша) белгіленген мерзімдерге сәйкес ХЫБ-не жібереді. Үміткерлер өздерінің/немесе негізгі мамандықтарына жақын (байланысты) мамандықтары бойынша өтініш бере алады.

10.3 ХЫБ бұйрық негізінде Академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысушыға оқу мерзімі мен мектепті, оқу ақысын төлеу шарттарын, сондай-ақ қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасына виза рәсімдеу үшін өзге де құжаттарды көрсете отырып, ресми шақыру хатын жібереді. Университет білім алушының сұрауы бойынша жатақханада тұруды (ақылы негізде Бос орындар болған жағдайда) қамтамасыз етеді.

10.4 Академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысушы әуе немесе теміржол билетін дербес сатып алады, ХЫБ бас маманының көмегімен Қазақстан Республикасына келу кезеңіне медициналық сақтандыруды және визаны ресімдейді.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Профессор-оқытушы құрамы мен білім алушылардың академиялық ұтқырлық туралы ережесі		УЕ-04-01-01
Бекітілген 01.09.2023 ж.	Басылым №1	27 беттің 8-сі

10.5 Академиялық ұтқырлық бағдарламасының қатысушысы Университетке келген соң 5 тәулік ішінде ХЫБ-не барып тіркеуден өту керек. ХЫБ маманы білім алушыны Қазақстан Республикасында жүру ережелерімен таныстырады.

10.6 ХЫБ бас маманы білім алушыларға Университетте жүретін кезеңдеріне консультациялық көмек көрсетеді. Университет олардың заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін жауап бермейді.

10.7 Оқу аяқталғаннан кейін Тіркеу кеңсесі білім алушыға академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша белгіленген үлгідегі транскрипт береді және ХЫБ-мен келісілген мектептердің ұсынысы бойынша оқудан шығару туралы бұйрық шығарады.

11. ІШКІ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚТЫ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ ЖАЛПЫ ҚАҒИДАТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

11.1 Білім алушылардың ішкі академиялық ұтқырлығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген тәртіпке сәйкес іске асырылады.

11.2 ЖОО-дағы ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламаларының үйлестірушісі ХЫБ болып табылады. Конкурстық іріктеудің негізгі критерийлері: өз ЖОО-да бір академиялық кезеңді тек "А", "А -", "В+", "В", "В - "үлгерімімен аяқтау болып табылады.

11.3 Білім алушылар ЖОО өз бетінше тандай алады, оқу үшін пәндер тізімін анықтай алады және ХЫБ бас маманына бағдарламаға қатысуға өтінім бере алады.

12. ІШКІ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚТЫ ІСКЕ АСЫРУ РӘСІМІ

Қазақстан Республикасында әріптес жоғары оқу орындарымен іске асырылатын Шығыс академиялық ұтқырлық:

– білім алушы тандалған ЖОО-на оны қызықтыратын семестрдің оқу жұмыс жоспарын ұсынуды сұрап ХЫБ бас маманы арқылы өтінім береді;

– білім алушы бітіруші мектептің жауапты тұлғасымен бірлесіп серіктес ЖОО-да өзінің оқу мүмкіндігін қарастырады;

– мектеп директоры бітіруші мектептің жауапты тұлғасымен бірлесіп, басқа ЖОО-да оқытылатын және ҚБТ-мен игеруге жататын пәндер мен пәндердің тізбесін көрсете отырып, алдын ала салыстыру ведомосімен (4-қосымша) ұсыныс дайындайды, салыстыру ведомосінде білім алушының ЖОЖ-на сәйкес Университетте игерілетін барлық пәндер көрсетілуі тиіс;

– білім алушы шығуға рұқсат беру туралы өтініш жазады және екі құжатты да Мектеп директорымен, жетекшілік ететін Вице-ректорлармен, ЭБЖБ басшысымен келісіледі;

– Мектеп директоры білім алушыға ұсыныс хат дайындайды;

– білім алушы ХЫБ-нің бас маманына ұсыныс хат, өтініш, ұсыныс, транскрипт және жеке куәліктің көшірмесін ұсынады;

– білім алушы үйлестірушімен бірлесіп білім алушының шығу мақсатын, баратын жерін, курсы және т.б. көрсете отырып, 2 данада өтінішін және 2 данада оқуға келісімін толтырады (2-қосымша);

– үйлестіруші дайындаған және әкімшілік бөлім басшысы, ЭБЖБ басшысы қол қойған ұшжақты оқыту келісімі Университет Ректорымен келісіледі және бекітіледі;

– ХЫБ бас маманы қабылдаушы ЖОО Ректорына білім алушыларды қабылдау туралы өтінішпен ресми хат дайындайды;

– серіктес Университеттің келісімінен кейін (екі оқу келісіміне қол қою) жіберуші ЖОО

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Профессор-оқытушы құрамы мен білім алушылардың академиялық ұтқырлық туралы ережесі		УЕ-04-01-01
Бекітілген 01.09.2023 ж.	Басылым №1	27 беттің 9-сі

академиялық ұтқырлыққа шығуға рұқсат беру туралы бұйрық шығарады.

13. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ СЕРІКТЕС ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫМЕН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАТЫН КІРІС АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ

13.1 Серіктес жоғары оқу орындарының үйлестірушілері университеттің ХЫБ-нің бас маманының электрондық поштасына оларды қызықтыратын семестрдің жұмыс оқу жоспарын ұсынуға өтінім жібереді.

13.2 Университеттің бас маманы серіктес жоғары оқу орны ұсынған құжаттарды Университет басшылығымен келіседі.

13.3 Білім алушы Университетке келген соң Университет Ректорының атына өтініш жазады.

13.4 Оқу ақысының тәртібі мен құны білім алушы, қабылдаушы және жіберуші Университеттер арасындағы үшжақты келісім-шартпен реттеледі.

13.5 Оқу аяқталған соң білім алушыға транскрипт беріледі.

14. ПОҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҒЫ (ШЫҒЫС ЖӘНЕ КІРІС)

14.1 ПОҚ шығыс академиялық ұтқырлығы:

14.1.1 ПОҚ академиялық ұтқырлық бағдарламасына өзінің мамандығы немесе соған байланысты (жақын) мамандығы бойынша қатысуға құқылы.

14.1.2 Қажет болған жағдайда ХЫБ Университет, шетелдік серіктес ЖОО және ПОҚ арасында ынтымақтастық туралы үшжақты шарт жасасады.

14.1.3 ПОҚ академиялық ұтқырлық бойынша іссапарға жіберудің уақыт кезеңі университет ректорының шартымен немесе бұйрығымен айқындалады. ПОҚ үшін шетелде тағылымдамадан өту мерзімі жол жүру уақытын есептегенде 40 күнтізбелік күннен аспауы тиіс. Тағылымдаманың немесе біліктілікті арттырудың барлық кезеңінде академиялық ұтқырлыққа қатысушының жұмыс орны, лауазымы және орташа жалақысы сақталады. Университет академиялық ұтқырлыққа қатысушы ғылыми қызметкерлерге жалақысы сақталмай жұмыс орны мен лауазымы сақтала отырып, бір жылға дейінгі мерзімге демалыс беруге құқылы.

14.1.4 Академиялық ұтқырлық бағдарламасы келесі нысандарда жүзеге асырылады:

– серіктес ЖОО-да бір және одан да көп ай оқу;
– серіктес ЖОО-да сабақ беру: дәрістер оқу, сабақтар мен консультациялар өткізу, емтихандар қабылдау және т.б.;

– ғылыми мектептер жұмысында университеттің мүдделерін білдіру;

– серіктес ЖОО-мен бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу.

14.1.5 Академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысу үшін өтініш-негіздеме бағдарлама басталғанға дейін 1 ай бұрын ректордың атына беріледі. Өтініш беру үшін құрылымдық бөлімшелер басшыларының ұсынысы мен қабылдаушы Тараптың шақыру хаты, сондай-ақ академиялық ұтқырлықтан өту жоспары негіз болып табылады.

14.1.6 Академиялық ұтқырлық бағдарламасы аяқталғаннан соң оралған қатысушы оның нәтижелері туралы құжатты (диплом, біліктілікті арттыру туралы сертификат және т.б.) ХЫБ-не, академиялық ұтқырлық бағдарламасының нәтижелері туралы есепті Әкімшілік бөлімге және ЭБЖБ қаржылық есепті (егер шығыстарды Университет өтесе) 3 жұмыс күні ішінде тапсыруы тиіс.

14.1.7 Академиялық ұтқырлық бойынша кеткен ПОҚ педагогикалық жүктемесі (1 айдан астам мерзімге) мектептің ПОҚ арасында ол болмаған барлық кезеңге қайта бөлінеді. ПОҚ оралғаннан кейін оның педагогикалық жүктемесі қайта қалпына келеді.

14.1.8 Шығыс академиялық ұтқырлық бағдарламасын қаржыландыру:

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Профессор-оқытушы құрамы мен білім алушылардың академиялық ұтқырлық туралы ережесі		УЕ-04-01-01
Бекітілген 01.09.2023 ж.	Басылым №1	27 беттің 10-сі

- Университеттің бюджеттен тыс қаражатынан;
- тиісті бюджеттік бағдарлама бойынша мемлекеттік бюджет қаражатынан;
- Университет жасасқан шарттар мен келісімдерге сәйкес әріптес ұйымдардың қаражаты есебінен;

– демеушілік көмек ретінде бөгде ұйымдар мен жеке тұлғалар бөлген қаражаттан және қолданыстағы заңнамада тыйым салынбаған өзге де қаражаттан.

